

Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі Қошқарбай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 16 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 қазанда № 7408 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 11.03.2021 № 02 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық–санитарлық инспекторының 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 361 ұсынысы негізінде, Троицк ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі Қошқарбай ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Троицк ауылдық округінің әкімі

Т.Қарабалин